

"Бастапқы есеп құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 27 қазандағы № 458 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 25 қарашада № 9900 тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Бастапқы есеп құжаттарының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 8265 тіркелген, 2013 жылғы 16 наурызында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған № 97-98 (27371-27372)) м ы н а д а й өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ж-1 нысан осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі бақылау, нақты сектор бухгалтерлік есебі мен аудиті әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектұрова) заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күннің ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б.Сұлтанов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2014 жылғы 27 қазандағы

№ 458

бұйрығына қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2012 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 562 бұйрығына

50-қосымша

Ж-1 нысаны

ЖСН/БСН

Тапсырыс беруші _____
толық атауы, мекенжайы, байланыс құралдары туралы деректер

Орындаушы _____
толық атауы, мекенжайы, байланыс құралдары туралы деректер

Шарт (келісімшарт) № _____ «__» _____ 20__ ж.

Құжат нөмірі	Жасалған күні

ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ (КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ) АКТІЛЕРІ *

Р е т бойынша нөмірі	Жұмыстардың (қызметтердің) атауы (техникалық ерекшеліктеріне, тапсырмаға, жұмысты орындау кестесіне сәйкес кіші түрлерінің бөлінісінде болған жағдайда)	Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) күні**	Маркетингтік, ғылымдық зерттеулер, кеңестік және өзге де қызметтер жайлы есептің болуы туралы мәліметтер (күні, нөмірі, парақтар саны)***	Өлшем бірлігі	Жұмыстар орындалды (қызметтер көрсетілді)		
					саны	бірлік үшін бағасы	сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8
				Жиыны		x	

Тапсырыс берушіден алынған қорлар туралы мәліметтер _____
атауы, саны, құны

Қосымша: _____ құжаттамалар тізбесі, оның ішінде маркетингтік, ғылымдық зерттеулер, кеңестік және өзге де қызметтер жайлы есептер (олар болған жағдайда міндетті) _____ парақта

Тапсырған (Орындаушы) _____ / _____ / _____

Қабылдаған (Тапсырыс беруші) _____ / _____ / _____

лауазымы қолы қолды таратып жазу лауазымы қолы қолды таратып жазу

М . О .

Жұмыстарға (қызметтерге) қол қойған (қабылдаған) күні _____

М.О.

* Құрылыс-монтаж жұмыстарын қоспағанда, жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) өткізу - қабылдап алу үшін қолданылады.

** Егер орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) күні әртүрлі кезеңдерінде түсетін жағдайда, сондай-ақ егер жұмыстарды (қызметтерді) орындау күні, қол қою (қабылдау) күні әртүрлі болған жағдайда толтырылады.

*** Ғылыми зерттеулер, маркетингтік, консультациялық және басқа қызметтер туралы есеп болған жағдайда толтырылады.